

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

один из улусов (районов) Республики Саха. В центре түһүлгэ (место проведения ысыаха) устанавливается символический Аал Луук Мас – соединитель трех миров. Проводятся различные республиканские мероприятия, состязания [6, 123].

Следует отметить, что уделяется огромное внимание изучению олонхо. Так, 17 ноября 2010 года на базе Северо-Восточного федерального университета открыт научно-исследовательский институт олонхо, целью которого является осуществление научно-исследовательской деятельности по комплексному научному изучению проблем якутского героического эпоса олонхо в контексте всей жанровой системы якутского народного творчества и в сравнении с эпическим наследием народов мира. Сохранение, развитие и научное толкование памятников устного народного творчества народа саха героического эпоса олонхо.

С 2008 года работает театр Олонхо, созданный по инициативе народного артиста России и Республики Саха А.С.Борисова. В 2025 году планируется введение в эксплуатацию Арктический центр эпоса и искусств, где будет размещаться театр олонхо. В целях раскрытия общечеловеческого потенциала олонхо продолжается работа по изданию и переводу эпических текстов на языки народов мира. На данном этапе якутскими фольклористами издано и введено в научный оборот более 100 эпических текстов. Издан библиографический указатель «Якутский героический эпос олонхо» (Якутск, 2015), составленный библиографом В.Н. Павловой. Указатель охватывает 1848-2013 гг., в него вошло 3726 библиографических записей документов на якутском, русском и других языках, изданных в Якутии и за ее пределами. На сегодня олонхо переведены на русский, английский, французский, японский, монгольский, киргизский, корейский, алтайский, башкирский, турецкий языки [7, 314].

К достижениям в области исследования олонхо необходимо отнести проведение крупных международных научных конференций: «Якутский героический эпос Олонхо – Шедевр Устного и Нематериального Наследия Человечества в контексте эпосов народов мира» (2013), «Эпосы народов мира: проблемы и перспективы сравнительного изучения» (2015), «Эпическое наследие народов мира: традиции и этническая специфика» (2017), Международный научный симпозиум «Сохранение и популяризация нематериального этнокультурного наследия: традиции и современность» (2022) и др.

#### **Список использованных источников**

1. Емельянов Н.С., Илларионов В.В. Якутский эпос олонхо. - Якутск, 1997. - 30 с.
2. Ефимова Л.С. и др. Олонхо в семье героических эпосов Евразии: материалы Всероссийского научно-методологического семинара «Эпос народов Северо-Востока Российской Федерации». - Якутск, 2012. - 223 с.
3. Илларионов В.В. Эпическое наследие народа саха. - Новосибирск, 2016. - 344 с.
4. Петров Н.Е. Олонхо- шедевр устного и нематериального наследия человечества: сборник статей. - Якутск, 2009. - 157 с.
5. Попова Г.С. Эпос олонхо в культуре саха. - Якутск, 2022. - 391 с.
6. Сивцев Д.К. Полный сборник произведений и трудов. Т. 6: Якутский фольклор (на якут. языке). - Якутск, 2006. - 416 с.
7. Эргис Г.У. Очерки по якутскому фольклору. - Якутск, 2008. - 400 с.

ӘОЖ 14.567

#### **ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Бастамитова Айгерім, Уразбаева Назгүл**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультеті, Астана, Қазақстан

Түркітану ғылымында етіс категориясы туралы шетелдік және отандық ғалымдардың пікірі әр түрлі қалыптасқан. Э.В. Севортян, С.Н.Иванов, А.А.Юлдашев, А.Н.Кононов етістерді сөз тудырушы жұрнақтар қатарына жатқызса, Н.А.Басқаков, Н.К.Дмитриев, А.М.Щербак етістің грамматикалық мәні бар деп қарайды. Соңғы пікірді қазақ тілін зерттеуші мамандар ішінен А.Ысқақов, М.Томанов, Ы.Маманов, т.б. ғалымдар қолдайды. Мәселен, А.Ысқақов: «етіс категориясының формаларында субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады», – дейді [1, 296 б.]. Ы.Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс формаларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады.

Көне және орта ғасырлардан бері қолданылып келе жатқан және қазіргі түркі тілдерінде кең тараған -н, -ын, -ін, -ун, -үн жұрнақтары бірде өздік, бірде ырықсыз етіс формасын жасаушы өнімді жұрнақ болып табылады. Олар сөйлемдегі мағынасына қарай ажыратылады. Өздік етістің -н жұрнағының өздік етіс және ырықсыз етіс қызметін атқаруы кейінгі дәуірлерді ғана емес, тарихи тұрғыдан көне дәуірлерді қамтиды. Сондықтан да етістің көне категория ретінде қалыптасуы Орхон жазбаларынан бұрынғы дәуірлерде жатыр.

Көне дәуірде -н өздік етіс формасы қазіргі дәуірге қарағанда мағынасы мен қолданылу өрісі әлдеқайда кең болған сияқты. Ғалым А.Н.Кононов Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған -н формалы өздік етістің қолданылуында алты түрлі мағыналық реңк бар дейді. Ол өздік етістің амал-әрекеттің істі істеушінің өзіне бағытталғандығын білдіретін мағынадан өзге психологиялық қалыпты білдіру, пассив өздік етіс мағына, актив өздік етіс мағына, пассив, медио (ырықсыз етіс) мағыналарын көрсетсе [2, С. 174-176], М.Томанов V-VIII ғасыр ескерткіштері тілінде қолданылатын -н аффиксінің екі түрлі мағынада жұмсалатындығын атап өтеді: «өзінің тура мәнінде, яғни іс-әрекет иесі сөйлеушінің өзі екендігін білдіреді: өзім сақынтым... анча сақынтым (өзім қайғыландым қатты уайымдадым). Кейде ырықсыз етіс мәнін де берген: не, басыналым, тегелім-тітім (Несі бар, басып аламыз, шабамыз – дедім). Медиал мағынада: бір балық қапығы көзүнті (бір қаланың қақпасы көрінді)» [3, 119 б.].

М.Қашқари сөздігіндегі етіс категориясын зерттеген М.Жүнісова -н аффиксі жалғанған сөздердің етіс мағынасынан басқа да мынадай мағыналарда жұмсалғандығын көрсетеді: 1) басқа субъектілердің көмегінсіз-ақ іс-қимылды атқарушының бір өзі орындағанын аңғартады: «Ол евге барынды» (ол үйгекетпеген болса да, кеткен сияқтанды, кеткенсіді), «Ол аш татынды» (олтамақты татқандай болды); 2) іс-қимылды істеушінің жалғыз екендігін, басқабіреудің жәрдем көрсетпей-ақ, өзі істегендігін білдіреді. Мысалы: «ер алымын алынды» (адам қарызын қайтарып алды), «ол тарығ тарынды» (ол өзі үшін жалғыз өзі егін екті). Етістік өзі осы мағынада қолданылғанда өзіңе, өзі сөздері бірге айтылуы керек. Бұл жердегі барыс септік жалғауы -ға/-ге үшін деген мағына береді. Адамның (субъектінің) өзі орындап көрген болса, осылай айтылады: «ол өзіне, өзі үшін ол тарығ тарынды» [4, 29 б.]. Бұл мысалдардағы етістіктер дәл осы мағынада қазіргі қазақ тілінде -н қосымшасымен қолданылмайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі -н өздік етіс аффиксіне қатысты А.Қалыбаева былай жазады: «Кейбір етістіктердің түбірлері тілімізде қолданыла келе етіс аффикстерінің бірінсіз толық мағынада жұмсала алмайтындай көнеленіп, өлі түбірге айналған. Сондай түбірлердің бір қатары өздік етістің аффикстерімен қолданылады, мысалы, оя-н, уа-н, жұба-н, үйре-н, құт-ыл, бүл-ін» [5, 15 б.].

Ырықсыз етіс қимыл мен іс-әрекеттің өздігінен орындалатын қимылды білдіреді. -л, -ыл, -ил, -ул, -үл ырықсыз етіс формалары көне түркі жазбаларынан бастап кейінгі орта ғасыр дәуірлеріндегі ескерткіштер мен қазіргі түркі тілдерінің барлығында қолданылатын өнімді жұрнақ. Алайда қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сөйлемдегі мағынасына қарай сирек те болса

өздік етіс қызметін де атқаратындығы мәлім. Оның бұл қызметін сонау көне түркі ескерткіштері мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігінен де көреміз.

Ырықсыз етіс қосымшасы -л (-ыл, -іл) V-VIII ғасыр ескерткіштерінде мынадай орындарда өзінің тура мәнінде – ырықсыз етіс мәнінде қолданылған. Түрк будун, қанын болмайын. Табғачда адырылты, қанланты. Өздік етіс мәнінде қолданылады: Білге Тонуқұк бен өзүм Табғач еліңе қылынтым. -л формалы етістіктер ескерткіштер тілінде кейде бірле шылау сөзімен қосарлана жұмсалады: Табғач будун бірле түзелтім. Оғуз будун тоғуз татар бірле тіріліп келті. Бұл мағыналық ерекшеліктердің қайсысы да қазіргі қазақ тіліндегі осы формалы етістіктердің бойынан ұшырасады. Қазіргі қазақ тілінде айырылу етістігі (айыр түбірінен) ырықсыз тұлғалы болса да, өздік етіс мәнінде қолданыла алатыны мәлім: Мен жолдасымнан айырылдым дегенде айырыл өздік мағынасында қолданылса, ағаш қақ айырылды дегендегі айырылды ырықсыз етіс мағынасын береді. Көне түркі ескерткіштерінің тілінде ырықсыз етіс пен өздік етістің айырмашылығы контекстке байланысты ажыратылады.

М.Қашқари -л, -ул, -үл, -ыл, -іл формаларының үш жағдайда жұмсалатынын атап көрсетеді: 1) екі әріпті (бір буынды) етістікке -л әрпі қосылғанда, ырықсыз етіс қызметін атқаратын үш әріпті (екі буынды) сөз жасалады. Мысалы: “йа қурулды” (жай құрылды), “ер урулды” (ер адам ұрылды). Мұндағы етістіктердің түбірлері автордың көрсетуінше: құрды және ұрды; 2) салт етістіктен жасалатын ырықсыз етіс тудырады: “ол йерге барылды” (ол жерге барылды), “ол нең көрүлді” (ол нәрсе көрілді). М.Қашқаридың айтуы бойынша, -л жұрнағы -н жұрнағымен алмасып келеді: “бітік бітінді” (хат жазылды), “ер ітінді” (ер адам әлсіреді). Автор осы сөздің ітілді деген формасы бар деп көрсетеді “ітілді нең” (бір нәрсе итеріліп тасталды; 3) осы аталған мағыналардан тыс, басқа бір мағына беретін етістіктер болады: “өлүк тірілді” (өлік тірілді), “сүт сағулды” (сүт сауылды).

Етіс категориясының өзге түрлеріне қарағанда өзгелік етіс морфологиялық формаларға бай болып келеді. Өзгелік етіс іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі емес, басқа бір субъекті арқылы іске асатынын білдіреді. Сол себепті қимылды жүзеге асырушы екеу болады: бірі – іс-әрекетті орындатушы болса, екіншісі іс-әрекетті орындаушы субъекті. Өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады.

- т жұрнағы – өзгелік етіс мағынасында түркі тілдерінің ең көне нұсқасы болып табылады. Аталмыш жұрнақ көне түркі және орта ғасыр жазбаескерткіштері тілінде және қазіргі түркі тілдерінің барлығында қолданылады. Яғни бұл жұрнақ да жоғарыда сөз еткен басқа етіс жұрнақтары секілді өте ерте замандардан бері қолданылып келе жатқан қосымша. М.Томанов -т аффиксінің көне ескерткіштерде тек өзгелік етіс жасайтын жұрнақ болмағандығын айтып, М.Қашқари сөздігінен мынадай мысал келтіреді: Тәңірлерде арытдымыз (Тәңірлерден құтылды); ол аңар сув сачытты (ол оған су шашты) деген сөйлемдере -т формалы етістіктер негізгі етіс мәнінде жұмсалған.

М.Қашқари өзгелік етістің мағынасын сабақты етістікпен байланысты қарастырады да, сол сабақты етістік арқылы өзгелік етіс мағыналарының берілу жолдарын айтып, тиісті мысалдар келтіріп отырады. Ол мұндай етістікке іс- әрекетті орындаушы тарап екеу болатындығын, олардың бірі – бұйрық беруші, екіншісі – соны орындаушы, жүзеге асырушы екендігін айтады. Қалыпты етістіктен айырмашылығын білдіру үшін салыстырмалы түрде мысалдар береді: “Ер бітік бітіді” – Кісі жазу жазды (МҚ, 376). Бұл етістік іс-қимыл, әрекеттің бір ғана кісіге байланысты орындалып тұрғанын білдіреді, ал “Ол аңар бітік бітітті” – Ол оған жазу жаздырды, жазу жазғызды) деген сөйлемде бітітті етістігі іс-әрекеттің екі субъекті арқылы орындалғанын айғақтап тұр. Мақала АР13068438 «Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі әмбебаптық пен ерекшелік» ғылыми жобасы аясында жазылды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

2. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – М.: Наука, 1980. – 256 с.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
4. Жүнісова М. Тіл тарихы: етіс категориясы (М. Қашқаридың сөздігібойынша (XI ғ.): оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 176 б.
5. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. – Алматы, 1957. – 152 б.

УДК 77.143

## **СЕМАНТИКА НАИМЕНОВАНИЯ «ЛОШАДЬ» В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ**

**Жубай Ботагоз Динмухамедовна**

студентка факультета международных отношений,  
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, г. Астана, Казахстан  
Научный руководитель – А.Б. Кусаинова

Язык – совокупность всех слов народа и верное их сочетание, исторический сложившая система звуковых, словарных и грамматических средств. Функция языка заключается в «реализации» его назначений в общественных явлениях, которая неразрывно связана с возникновением и развитием человеческого коллектива, язык представляет собой социальное явление. [1, с.10].

Ход мыслей человека, объективно отражающих внешний окружающий мир, одинаковый для всех людей на планете, даже для живущих в разных континентах и говорящих в различных языках. Внешние условия жизни, погода, материальная реальность определяют человеческое сознание, реакции и поведение человека, формирует в нас картину мира, сквозь призму нашего сознания. Формой овладения единым, объективным миром и содержания, добытого в процессе деятельности человека, выступает – язык. Человек как часть определенной группы, рода и национальности, все они различно описывают одни и те же явления и предметы, в их семантике слов отражается видение мира носителя определенного языка.

Велика влияние внешних условия существования конкретного этноса, географические особенности, культурно-бытовые традиции и другие аспекты, которые формируют особенность национальной концептуальной и языковой картины мира. Рассмотрим семантику и роль наименования животных и их особенность в двух родственных: казахский и турецких языках.

Зоонимика в тюркских языках тесно связана с народной этнографией, а ее содержание содержит много историко-этнографических сведений, показывающую большую важность их изучения в рамках антропоцентрической парадигмы, с этнолингвистической точки зрения.

Этнолингвистика — научная область в лингвистике, созданный с целью познания идентичности народа через его язык. Одним из первых ученых, занявшихся этнолингвистикой в казахском языке, является академик А. Кайдар. Он утверждает, что сущность этноса можно полностью понять только через его язык, что «ценности и огромное количество информации можно вместить в язык» и передавать это из поколения в поколение, тем самым позволяя языка выполнять роль источника знания в этносе. Отсюда ученый предлагает использовать языковой феномен как «языковой мир».

Вот что утверждает ученый А. Кайдар о данной науке: «Этнолингвистика — новая и самостоятельная область языкознания (лингвистики), возникшая из цели познания самобытности этноса через его язык» [2; стр. 765].

Языковые единицы в лексическом пласте тюркских языков, имеющие этнокультурное богатство, выражающие народное мировоззрение и культуру, традиции и быт, общую национальную самобытность, имеет различные наименования. Одно из этнолингвистических